

Хромтау ауданының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 207 шешімі. Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 қаңтарда № 3-12-128 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының аппаратының 2013 жылғы 14 ақпандағы № 59 хатымен).

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының аппаратының 14.02.2013 № 59 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" № 357-IV Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 13 желтоқсанындағы "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" № 1350 Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау ауданының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2011 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 4018838,9 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдері бойынша 2139969 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша 39574 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан

түсетін түсімдер бойынша 8065 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша 1831230,9 мың теңге;

2) шығындар 4196564,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру 435643 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 497665 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 1840 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын

операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профицит) -613368,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын

(профицитті) қаржыландыру 613368,4 мың теңге;

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.02.01 № 218; 2011.03.28 № 229; 2011.04.27 № 238; 2011.07.21 № 247; 2011.10.19 № 261; 2011.11.10 № 269 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. 2011 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 333 шешімі бойынша аудандық бюджетке мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша 27 пайыз;

2) әлеуметтік салық бойынша 27 пайыз;

3) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша, қызметін бір жолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер аудан бюджетіне толығымен есептелсін.

3. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

ауыл шаруашылық маңызы бар жерлер үшін жеке тұлғаларға салынатын жер салығы

;

елді мекендердің жерлеріне салынатын жеке тұлғалардан алынатын жер салығы;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және басқа да ауыл шаруашылығына арналмаған жерге салынатын жер салығы;

ауыл шаруашылық маңыздағы жерлерге заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы;

елді мекендердің заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы;

заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

бензинге және дизель отынына арналған акциздер, табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алымдар;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

занды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы үшін алынатын алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алынатын алым;

жылжымайтын мүлікке және олармен келісім жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы көрнекі жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем;

тіркелген салық;

мемлекеттік баж (108102-108112 кодтары бойынша);

коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер;

жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

4. Қазақстан Республикасының "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылсын.

5. Қазақстан Республикасының "2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері 15999 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 1512 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 15999 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

6. 2011 жылға арналған аудандық бюджеттің базасына енгізілген республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде :

1) жаңадан іске қосылатын білім объектілерін күтіп ұстауға 82973,0 мың теңге;

2) мектепке дейінгі білім беру, орта білім беру ұйымдарын "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге 5970,0 мың теңге;

3) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 800,0 мың теңге;

4) ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға 17972,0 мың теңге;

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

7. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен түскені ескерілсін, оның ішінде;

1) эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 14451 мың теңге;

2) әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге 1560 мың теңге.

Аталған нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде:

1) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға сомасы 4582 мың теңге;

2) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға 26706 мың мың теңге сомасында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын шарттарға сәйкес бюджеттік кредиттер.

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9. 2011 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 84021 мың теңге сомасында, оның ішінде:

2) негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға 8194 мың теңге;

3) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға 11082 мың теңге;

4) мектепке дейінгі білім ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 43512 мың теңге;

5) жетім балаларды және ата-аналардың қамқорынсыз қалған балаларды асыраушы отбасыларға ай сайын ақшалай қаражат төлеуге 16783 мың теңге;

6) үйде оқитын мүгедек балаларды құралдар мен бағдарламалармен қамтамасыз етуге 4450 мың теңге;

7) 2011 жылға арналған аудандық бюджетте мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға республикалық бюджеттен 14957,0 мың теңге нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.03.28 № 229 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. 2011 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен даму нысаналы трансферт түскені ескерілсін, оның ішінде:

1) Хромтау қаласында 140 орындық балабақша салуға 172953 мың теңге;

2) ауылдық (селолық) елді мекендердің сумен жабдықтау жүйесін қайта жарақтандыруға 352018 мың теңге;

Нысаналы даму трансферттерін бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

11. 2011 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен 2009-2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" Бағдарламасын іске асыруға 676240 мың теңге нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін, соның ішінде;

1) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 242000 мың теңге;

2) Көктау селосында 600 орындық орта мектеп салуға сомасы 434240 мың теңге.

Даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

12. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен 2009-2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша аудандық бюджетке кредит беруге 423863 мың теңге нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін.

Кредит берудің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

13. 2011 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 61307 мың теңге сомасында, нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін, оның ішінде:

1) мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға 36307 мың теңге;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 20000 мың теңге;

алынып тасталды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.02.01 № 218 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Нысаналы даму трансферттерінің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.02.01 № 218 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

14. 2011 жылға арналған аудандық бюджетке облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауылдың гүлденуі-Қазақстанның гүлденуі" марафон – эстафетасын өткізуге 23080 мың теңге;

2) аудандық маңызы бар "Самара- Шымкент- Аққұдық" автомобиль жолын күрделі жөндеуге 100000 мың теңге;

2011 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қатысушыларына біржолғы материалдық көмек төлеуге - 361,8 мың теңге бөлінгені ескерілсін.

Аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 14 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.04.27 № 238 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

15. 2011 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы 489935 мың теңге даму трансферттер түскені ескерілсін, соның ішінде:

1) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 364473 мың теңге;

2) ауылдық (селолық) елді мекендердің сумен жабдықтау жүйесін қайта жарақтандыруға 125462 мың теңге;

Аталған даму трансферттерін бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

16. 2011 жылға республикалық бюджеттен бөлінген даму трансферттерге облыстық бюджеттен 195273 мың теңге қосымша қаржыландыру түскені ескерілсін, соның ішінде ;

1) Хромтау қаласында 140 орындық балабақша салуға 74123 мың теңге;

2) инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және немесе сатып алуға 2222 мың теңге.

3) "Нұрлы көш" Бағдарламасы бойынша инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға (немесе) сатып алуға 26889 мың теңге;

4) мемлекеттік тұрғын үй қорының коммуналдық тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға 4034 мың теңге;

5) ауылдық (селолық) елді мекендердің сумен жабдықтау жүйесін қайта жарақтандыруға 88005 мың теңге;

Аталған даму трансферттерін бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

17. 2011 жылы аудандық бюджетке облыстық бюджеттен "Нұрлы көш" бағдарламасы бойынша оралмандарға үй салуға (немесе) сатып алуға 0 мың теңге кредит түскені ескерілсін.

Кредит берудің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 17 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.04.27 № 238 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

18. Жергілікті атқарушы органының 2011 жылға арналған резерв 3400,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

19. 2011 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

20. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Б.Ашабаев

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев

Аудандық мәслихатының
2010 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 207 шешіміне № 1 қосымша

2011 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2011.11.10 № 269 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	4 018 838,9
1			Салықтық түсімдер	2 077 638
	01		Табыс салығы	358 978
		2	Жеке табыс салығы	358 978
			Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы	312 528

			Тұлғалардың төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы	21 450
			Бір реттік талондар бойынша жұмыс жүргізетін жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	1 000
			Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	24 000
	03		Әлеуметтік салық	253 054
		1	Әлеуметтік салық	253 054
			Әлеуметтік салық	253 054
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 438 020
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 368 535
			Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	1 364 685
			Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	3 850
		3	Жер салығы	20 604
			Ауылшаруашылық маңызы бар жерлерге жеке тұлғаларға салынатын жер салығы	93
			Елді мекендердің жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1350
			Өнеркәсіп, байланыс, қорғаныс, көлік жеріне және ауыл шаруашылығына	9 000

			арналмаған жерге салынатын жер салығы	
			Ауыл шаруашылық маңыздағы жерлерге заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	1
			Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	10 160
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45 961
			Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	9 946
			Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық	36 015
		5	Бірыңғай жер салығы	2 920
			Бірыңғай жер салығы	2 920
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	21 200
		2	Акциздер	4 300
			Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	2 600
			Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін,	

			сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	1700
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 000
			Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	8 000
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүзеге асырғаны үшін алынатын алымдар	8 553
			Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	570
			Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым	1000
			Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	125
			Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы үшін алынатын алым	225
			Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алынатын алым	630
			Жылжымайтын мүлікке және	

			олармен келісім жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алым	4653
			Жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	1350
		5	Тіркелген салық	347
	08	1	Мемлекеттік баж	6 386
			Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де	3 250

		құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынатын баж	
		Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	1928
		Шетелге тұрақты түрде тұру үшін шекарадан шығуға, Қазақстан Республикасына б а с қ а мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды рәсімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін алынатын мемлекеттік баж	220
		Шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	3
		Қазақстан Республикасының	

		азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін алынатын мемлекеттік баж	25
		Тұрғылықты жерін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	660
		Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	40
		Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және б а с қ а құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	60

			Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	140
			Тракторшы – машинистің куәлігі берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	60
2			Салықтық емес түсімдер	101 405
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер	10 615
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10 615
	01		Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10 615
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	631

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	631
			Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	631
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	90 159
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	90 159
			Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	90 159
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 565
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	8 565
		1	Жерді сату	8 565
			Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	8 565
4			Трансферттердің түсімдері	1 831 230,9
			Мемлекеттік басқарудың жоғары	

	02		тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 831 230,9
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1 831 230,9
			Ағымдағы нысаналы трансферттер	259 206,9
			Нысаналы даму трансферттері	1 572 024

Функ. Топ						
	Кіші функция					Сомасы (мың теңге)
		Әкімші				
			Бағдарлама			
1	2	3	4	5	6	
				II. Шығындар	4 196 564,3	
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	204 165	
	01			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	177 609	
		112		Аудан мәслихатының аппараты	13 903	
			001	Аудан мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11 603	
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	2 300	
		122		Аудан әкімінің аппараты	52 677	
				Аудан әкімінің қызметін		

			001	қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	45 462
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	7 215
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	111 029
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	95 729
			022	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	15 300
	02			Қаржылық қызмет	17 486
		452		Ауданның қаржы бөлімі	17 486
			001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 196
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 290

			004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуін ұйымдастыру	630
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	2 370
	05			Жоспарлау және статистикалық қызмет	9 070
		476		Ауданның экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	9 070
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 055
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	15
2				Қорғаныс	7 925
	01			Әскери мұқтаждар	7 925

		122		Аудан әкімінің аппараты	7 925
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	893
			006	Аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	200
	02		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	6 832
4				Білім	2 560 392
	01			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	253 818
		471		Ауданның білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	253 818
			003	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	253 818
	02			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1 615 113
		471		Ауданның білім, дене	1 615 113

				шынықтыру және спорт бөлімі	
			004	Жалпы білім беру	1 547 109
			005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	33 049
			020	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата аналардың қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп ұстауға асыраушыларға ай сайынғы қаражат төлемдері	15 908
			023	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	4 450
			025	Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайту	14 597
	09			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	691 461
		471		Ауданның білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	36 645
			001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің	17 912

				қызметтерін қамтамасыз ету	
			008	Ауданның мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	6 260
			009	Ауданның мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	12 312
			010	Аудандық ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	161
		466		Ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	654 816
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	654 816
5				Денсаулық сақтау	58
	09			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	58
		123		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	58

			002	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	58
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	129 794
	01			Әлеуметтік көмек	116 738
		123		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	11 130
			003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	11 130
		451		Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	105 608
			002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	22 366
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына	7 000

				с әй к е с әлеуметтік көмек көрсету	
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 600
			006	Тұрғын үй көмегі	1 300
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	52 568
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	11 080
			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілім мамандарының, ж е к е көмекшілердің қызмет көрсету	2 386
			023	Жұмыспен қ а м т у орталықтарыны ң қызметін қамтамасыз ету	7 308
	09			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	13 056
				Ауданның жұмыспен қамту	

		451		және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	13 056
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 715
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	341
7				Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	1 043 027,7
	01			Тұрғын үй шаруашылығы	914 958
		466		Ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	914 958
			003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	44 239
			004	Инженерлік коммуникациялы қ инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	344 850
			006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	521 369

			018	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарының дамуы	4 500
02				Коммуналдық шаруашылық	24 872
		466		Ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2 622
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2 622
		458		Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	22 250
			026	Ауданның коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	20 000
			028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2 250
03				Елді мекендерді көркейту	103 197,7
		123		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	79 117,7
			008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	16 701,7
				Е л д і мекендердің	

			009	санитариясын қамтамасыз ету	17 191
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	45 225
		458		Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	24 080
			012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	1 000
			018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	23 080
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	82 331
	01			Мәдениет саласындағы қызмет	47 492
		455		Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	47 492
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	47 492
	02			Спорт	1 990
		471		Ауданның білім, денешынықтыру және спорт бөлімі	1 990
			014	Аудандық деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 990
	03			Ақпараттық кеңістік	23 012

		455		Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	15 130
			006	Аудандық кітапханалардың жұмыс істеуі	15 130
		456		Ауданның ішкі саясат бөлімі	7 882
			002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	5 882
			005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	2 000
	09			Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	9 837
		455		Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	5 681
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 681
		456		Ауданның ішкі саясат бөлімі	4 156
				Жергілікті деңгейде	

			001	ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 040
			003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламалард ы іске асыру	116
10				Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, ж е р қатынастары	42 015,9
		476		Ауданның экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	2 590,9
			099	Мамандарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	2 590,9
				А у ы л шаруашылығы	30 916
		474		Ауданның ауыл шаруашылық ж ә н е ветеринария бөлімі	30 916
				Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы ж ә н е	

			001	ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 792
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	140
			013	Эпизоотияға қарсы іс шаралар өткізу	16 984
	06			Ж е р қатынастары	8 509
		463		Ауданның жер қатынастары бөлімі	8 509
			001	А у д а н аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 509
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	2 000
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызмет	6 071
	02			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6 071
		466		Ауданның сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	6 071
				Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы	

			001	мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	6 071
12				Көлік және коммуникация	111 180
	01			Автомобиль көлігі	111 180
		123		Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл(село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	100 000
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	100 000
		458		Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11 180
			023	Автомобиль жолдарының	11 180

				жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
13				Басқалар	9 243
	03			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	913
		476		Ауданның экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	913
			005	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	913
	09			Басқалар	8 330
		451		Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	520
			022	"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	520
		452		Аудандық қаржы бөлімі	3 400
			012	Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві	3 400
		458		Ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 410
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль	4 410

				жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
15	01			Трансферттер	361,7
				Трансферттер	361,7
		452		Аудандық қаржы бөлімі	361,7
			006	Пайдаланылмаған нысаналы (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	361,7
			020	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	0
				III. Таза бюджеттік кредит беру	435 643
7				Бюджеттік кредиттер	437 483
	01			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	423 863
		466		Тұрғын үй шаруашылығы	423 863
			019	Аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	423 863
10				Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен тұрғын үй салу	423 863

				А у ы л шаруашылығы	13 620
		476		Ауданның экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	13 620
			004	Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	13 620

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1840
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1840
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1840

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	сыныбы		АТАУЫ	
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
7			Қарыздар түсімі	429 913
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	429 913
		2	Қарыз алу келісім-шарттар	429 913

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		АТАУЫ	
		Ішкі сыныбы		

1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	199014,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	199014,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	199014,4

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция				
	2	3	Әкімші		
			4	5	
		Бағдарлама		АТАУЫ	
1	2	3	4	5	6
13				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
	09			Басқалар	0
				Басқалар	0
		452		Аудандық қаржы бөлімі	0
			014	Занды тұлғалардың капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-613368,4)
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	613368,4

Функ. топ					Сомасы (мың теңге)
1	Кіші функция				
	2	3	Әкімші		
			4	5	
		Бағдарлама		АТАУЫ	

1	2	3	4	АТАУЫ	6
16				Қарыздарды өтеу	15559
	1			Қарыздарды өтеу	15559
		452		Аудандық қаржы бөлімі	15559
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1840
			021	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	13719

Аудандық мәслихатының
2010 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 207 шешіміне № 2 қосымша

2012 жылға арналған аудандық бюджет

санаты	сыныбы			Сомасы (мың теңге)
		ішкі сыныбы		
			АТАУЫ	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	3 546 152
1			Салықтық түсімдер	2 372 031
	01		Табыс салығы	352 200
		2	Жеке табыс салығы	352 200
			Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы	301 340
			Тұлғалардың төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы	27 153
			Бір реттік талондар бойынша жұмыс жүргізетін жеке	1 200

			тұлғалардан алынатын табыс салығы	
			Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	22 507
	03		Әлеуметтік салық	259 246
		1	Әлеуметтік салық	259 246
			Әлеуметтік салық	259 246
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 726 305
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 658 554
			Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	1 654 082
			Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	4 472
		3	Жер салығы	19 701
			Ауылшаруашылық маңызы бар жерлерге жеке тұлғаларға салынатын жер салығы	66
			Елді мекендердің жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1500
			Өнеркәсіп, байланыс, қорғаныс, көлік жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған жерге салынатын жер салығы	8 100
			Ауыл шаруашылық маңыздағы жерлерге заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен	5

			адвокаттардан алынатын жер салығы	
			Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	10 030
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45 000
			Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	8 900
			Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық	36 100
		5	Бірыңғай жер салығы	3 050
			Бірыңғай жер салығы	3 050
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	24 226
		2	Акциздер	5 100
			Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	3 100
			Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	2000
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 200

			Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	8 200
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүзеге асырғаны үшін алынатын алымдар	8 430
			Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	460
			Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым	800
			Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	180
			Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасы үшін алынатын алым	420
			Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алынатын алым	650
